

# ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ  
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 121 (9183)

1953 жылғы 19 июнь Жұма

Шығуына 34 жыл  
жеке саны 20 тыйын.

## Советтердің сессиясы

Біздің елімізде бүкіл өкмет қала мен деревнядағы еңбекшілердікі. Сталин ақпарат айтаңдай, Советтер еңбекшілердің бұқаралық ұйымы, бұл ұйым партияны еңбекшілермен, ең әуелі мемлекет жөнінен байланыстырып отырады. Міне, сондықтан да Коммунистік партия жергілікті Советтердің шаруашылық және мәдени құрылыс саласына басшылық дәрежесін үнемі арттырып отыру ісіне арқанап жете назар аударып келеді.

Қазір жергілікті Советтер, олардың көптеген депутаттары мен активтері еңбекшілердің қалың бұқарасын сталиндік бесінші бесжылдықтың үшінші жылының міндеттерін мүлтіксіз орындау жолына жұмылдыруда. Облысымыздың ауылдық, селолық және поселкелік Советтері республикалық социалистік жарыққа ұшташып, егін шаруашылығы мен мал шаруашылығын онан әрі өркендету, ауыл-селонның және жұмысшы поселкелерінің мәдениетін арттыра беру жөнінде көтеріңкі міндеттемелер алды.

Социалистік жарыста қабылданған міндеттемелердің ойдағыдай орындалу мақсаты Советтердің бүкіл ұйымдастыру-бұқаралық жұмысын мейлінше жақсартуды талап етеді. Өйткені, көпжылдық тәжірибе қай жерде ұйымдастыру-бұқаралық жұмыстың дәрежесі жоғары болса, сол жерде Советтердің шаруашылық және мәдени құрылыста басшылығы жақсы болатынын көрсетті. Ал, сессия — жергілікті Советтердің жоғарғы орны, ұйымдастыру жұмысының негізгі түрі болып табылады. Ол Советтердің жұмысына депутаттар мен активтердің белсене қатысуын, еңбекшілер бұқарасының тілектері мен талаптарын кезінде біліп жүзеге асыруды, шаруашылық және мәдени жұмыстарға нақтылы басшылық жасауды қамтамасыз етеді. Сондықтан Советтердің сессиялары кезінде, депутаттар мен активтердің зор белсенділігімен өткізудің маңызы ерекше зор.

Облысымыздың бірқатар жергілікті Советтердің атқомдері Советтердің сессия-


Советтердің сессиялары конституциялық мерзімде шақырылмайды немесе әзірліксіз, үстірт өткізіледі. Апрель айында облыстың 50-ден астам ауылдық, селолық Советтерінде сессиялар шақырылмауы, бұлардың бірқатарында соңғы сайлаудан кейін небары бір-ақ рет сессия өткізілуі осы пікірімізді дәлелдейді.

Совет ауданындағы Молотов ауылдық Советінде өткен жылы Советтің сессиясы небары 4-ақ рет өткізілді. Жергілікті Советтердің соңғы сайлауы кезінде сайлаушылар Совет атқомінің председателі Шәйкенова жолдасқа бұл кемшілікті атап көрсеткен-ді. Бірақ, Шәйкенова жолдас сайлаушылардың сын пікірін дұрыс қорытынды шығармай отыр. Бұл Советте былай март айынан бері небары бір-ақ сессия өткен. Жақында Конохов ауданындағы Воскресенск селолық Советінің үшінші сессиясында 1953 жылғы социалистік жарыстың қорытындысы және 1953 жылғы социалистік жарысты ұйымдастыру туралы маңызды мәселе талқыланды. Бірақ, жарысөзде селолық Советтің председателі Лихоносов жолдасқа басқа депутаттар мен активтерден ешкім сөз сөйлемеді. Өйткені, сессияның күн тәртібіндегі мәселені әзірлеуге депутаттар мен активтер қатыстырылмаған және баяндамада сын мен өзара сын мүлде болмаған. Сессияны бұлай өткізуден ешбір пайда жоқ екенін айтпасақ та түсінікті.


Осы сияқты, аудандық Советтердің де сессиялары кезінде өтпей келеді.

Қазақ ССР Конституциясы еңбекшілер депутаттарының аудандық Советтерінің сессияларын жылына аз дегенде 4 рет, еңбекшілер депутаттарының поселкелік, ауылдық, селолық Советтерінің сессияларын ай сайын шақырып отыруды талап етеді. Бұл талапты мүлтіксіз орындау Совет атқомдерінің жауапты міндеті болып табылады.

Советтердің бүкіл жұмысын жақсарту үшін сессияның тәрбиелік ролін жете пайдалануымыз керек. Күн тәртібіндегі



## Облысымызда



### Комбайндар тез және сапалы жөнделуде

МАРЬЕВКА. (Өз тілшімізден). Торангүл МТС-нің механизаторлары комбайндарды егін орағына әзірлеуді дер кезінде қолға алды. Олар алдағы жаңа егінді мезгілінде және ысрапсыз жыйнап алу үшін комбайн паркін тез, сапалы жөндеуге өздерінің күш-жігерін аямай жұмсаулы.

Қыр кемесі — комбайнды сапалы жөндеп, егін жыйнауға әзірлеу ісінде механизаторлар еңбек үлгісін көрсетуде. Комбайн жөндеуде А. Әділбаев, И. Вершинин, Криворушко жолдастар үздік алда келеді. Бұл жолдастар комбайн жөндеуде уақытпен санаспай еңбек етіп, күндік норманы 130—180 процентке дейін орындайды. Олардың қолынан өткен комбайндарының жөндеу сапасы жақсы.

МТС-те комбайн жөндеудің бұл сияқты озаттары көптеп саналады. Механизаторлардың табысты еңбегі нәтижесінде МТС-те комбайн жөндеу тез және сапалы жүргізілуде. Мұнда комбайн жөндеудің тағайындалған күндік, бескүндік графигі мінсіз орындалып келеді. Қазір МТС механизаторлары комбайндарды егін орағы басталудан көп бұрын толық аяқтауға күш жұмсауда.

### Егінді күту

Мамлют совхозының даласында егін тез көктеп, өсіп келеді. Мұнда, әсіресе, дәнді, картоп, овощ дақылдарының және сүрленетін дақылдардың шығымы жақсы.

Совхоз коллективі партияның XIX съезінің бесінші бесжылдық жоспар жөніндегі директиваларында көрсетілген міндеттерді ойдағыдай орындау күресіне ұштаса отырып, үстіміздегі жылы бүкіл егіс көлемінен мол өнім алуға, оның ішінде дәнді дақылдар егілген алаңның әрбір гектарынан 120 пұттан өнім алу-

### ЖАС БӨБЕКТЕРГЕ ҚАМҚОРЛЫҚ Үлгілі яслиде

Таңертеңгілікте не жұмыс уақыты біткен соң жас бөбектерін көтеріп № 1 балалар яслиі үйіне келіп, кетіп бара жатқан жұмысшылар мен қызметкерлерді көптеп көруге болады.

Бақытты балалар дейсіз, ондағы бүлдіршіндей киініп, ойнап жүрген ең жас совет азаматтарын көріп тұрып. Бір жастан үш жасқа дейінгі балалар ясли алаңында «құрылыс» жұмыстарымен айналысып жатыр. Қолдарында күрек, қардон қағаздары бар. Ал, олардан кішілері өздерінің шағын төсектеріне жайластырылып бөленген. Анда-санда төсектің бас жағындағы ойыншықты қолымен түртіп қалып, сылдыратады да, оған өзінен өзі мез болып күледі. Кейбіреулері тәрбиешінің құшағында.

Ретімен қойылған койкалардың арасында үстіне ақ халат киген, қолында бөбегі бар тәрбиеші Анна апай жүр. Ол көмекшісіне бесіктегі балаларды тапсырып, кейбіреулерін өз қолына алып жұбатады.

Анна Марасанованың бұл яслиде жұмыс істей бастағанына 29 жыл болды. Оны тәрбиешілер де, осындағы бөбектері де Анна апай деп атайды. Бұл жылдардың ішінде Анна көптеген балаларды тәрбиелеп өсірді. Олар бұл күндері мектептерде, жоғары оқу орындарында оқыйды. Кейбіреулері жауапты қызметтерде істейді. Анна Марасанова Отан соғысының ауыр жылдарында да осы яслиде тәрбиеші болып істеді.

—Отан ұлдары майданға аттанғанда әйелдер тылда, еңбек майданында аянбай еңбек етіп, совет жауынгерлеріне көмектесті. Бұл кезде еліміздің сан мыңдаған тәрбиешілері сияқты маған да олардың жас сөбилерін күту сияқты зор міндет жүктелді. Бұл міндетті аброймен атқаруға кірістім, деп күлімсіреген кезде Анна апайымыздың жүзінен балаларға деген аналық мейірбандық сезім білініп тұрады.

№ 1 яслиде көзір жүзден астам бөбектер тәрбиеленеді. Балалар жас ерекшеліктеріне қарай бірнеше топқа бөлінген. Әр топқа жеке тәрбиешілер тағайындалған. Бірінші топта бесіктегі балалар, екінші топта 6-8 айлық, ал, үшінші топта бір жастан үш жасқа дейінгі балалар тәрбиеленеді. Әсіресе, бесіктегі балалармен жұмыс істеу басқа топтарға қарағанда қиындау. Міне, Анна апай осы топта тағ тәрбиеші болып істейді.

Ясли бөлмелері әрі жарық, әрі кең, 10-15 койкалық кең бөлменің іші тап-таза. Бөбектер арасында алуан түрлі жұмыстар жүргізіледі. Балаларды дұрыс сөйлеуге үйрететін заттар көрсетіліп, олардың аттары үйретіледі, әртүрлі ойыншықтармен ойнауға баулынады. Бұл баланың айналадағыны дұрыс айыра білуге жаттығуына, оның ой қаблетінің дамуына көмектеседі. Бұл жұмыстардың барлығын бір жастан үш жасқа дейінгі топтың тәрбиешісі Вера Ховрина жолдас жүргізеді.

— Балалар әрнәрсеге әуес келеді ғой, — дейді Вера Ховрина. — Біздің мына Саша қалаға шықса-ақ болғаны топырақты бұрқыратып шаша бастайды. Мен осы мінезін қадағалап бақылау арқылы қойдырдым. Балалардың көбі ясли алаңына шықса болғаны әрнәрсеге еліктеп кетіп қалады. Бұл үнемі қырағылықты, ұқыптылықты керек етеді. Мысалға, анау Миша көшеде музыка дауысы естілсе болғаны соған елегізіп, берғысы келеді де тұрады. Кейінгі кезде оны балалар гармонияда ойнауға үйреттік.

### Қаладағы құрылыс жұмыстары

#### Жаңа цех

Қаладағы нан комбинаты өткен айда жаңа цех салу жұмысын бастады. Бұл цехта комбинаттың көптеген өнімдерінің бірі — макарон жасалады.

Мұнда құрылысшылардың жұмыстан кейін жуынып, мәдениетті тынығуына жағдай жасалған. Олар жұмыстан кейін комбинат жанындағы клубқа барып, жаңа келген газет, журналдарды оқып, дойбы және шахмат ойнайды.

Құрылысшылар коллективі цех құрылысын тез бітіру үшін күресуде.

#### Крахмал заводы

Облыстық мүгедектер кооперациясы одағы крахмал жасау зауытының үйін сала бастады. Үйдің іргесі түгелінен қаланып болып, су жүретін трубалар орнатылуда. Жақын арада өнім шығару мақсаты көзделіп, болашақ заводтың жанына 20 гектар картоп егілді. Келесі айларда монтаждау жұмысы аяқталады. Сөйтіп, қала еңбекшілері екі-үш айдан кейін жергілікті крахмалмен жабдықталатын болады.

#### Үй салушылар көбейуде

Жұмысшылар поселкесінің тұрғын адамдары-теміржолшылар өткен жылдың өзінде 30-дан аса жаңа үйлер салды.

Ал, быыл олар 100-ден астам жаңа үйлер салуда. Бұл еңбекшілердің әлауқат дәрежесінің артқандығын көрсетеді.

### Бір сменада 4—4,5 гектар

Совет ауданының «Борьба за коммунизм» колхозында шөп шабу жұмыстары қызу жүргізілуде. Мұнда 3 кең алымды шөп машинасы мен 17 көлік машинасы жұмысқа қосылған. Олардың



арын кезінде, жоғары дәрежеде өмірін, онда қабылданған қаулылардың орындалуына жетісіп келеді. Бұл жөнінде Благовещенка селолық Советінің (Преснов ауданы) жұмысын мысалға алуға болады. Селолық Советтің сессиясы ай сайын өтіп, онда шаруашылық және мәдени құрылыстың міндеттері жөніндегі мәселелер жиі талқыланады. Тұрақты комиссияның мүшелері және басқа активтер мен депутаттар сессияның күн тәртібіндегі мәселені әзірлеуге көптеп қатыстырылады. Мәселен, ауыл шаруашылығы жөніндегі тұрақты комиссияның инициативасы бойынша селолық Советтің екінші сессиясында көктемгі егіс кезіндегі ұйымдастыру-бұқаралық жұмыстың жоспары туралы мәселе талқыланды. Селолық Советтің депутаттары Сергиенко және Литвиненко жолдастар мәдени қостарын жабықтауға көмектесті. Депутат Зверинцева жолдастың басқаруымен колхоздың көркемөнерпаздар үйірмесі көктемгі егіс кезінде колхозшылар мен механизаторларға бірнеше рет концерт берді. Бұл селолық Советте 8 депутат егіс бригадалары мен мал фермаларында үгітші болып істейді. Селолық Советтің ұйымдастыру-бұқаралық жұмысының ойдағыдай жүргізілуі оның қамтуындағы Молотов атындағы колхоздың ауданда үлгілі шаруашылықтардың бірі болуына зор үлес қосып отыр. Совет ауданындағы Киров поселкелік, Конохов ауданындағы Пролетар селолық Советтері де соңғы кезде ұйымдастыру-бұқаралық жұмыстың дәрежесін едәуір жақсартты.

Бірақ, бұл айтылған кейбір жеке мысалдар Советтердің ұйымдастыру-бұқаралық, әсіресе, оның негізгі түрі сессияларды өткізу практикасында орын алған елеулі кемшіліктердің бетін бүркемелей алмайды. Атап айту қажет, көп жерлерде

мәселені дайындау ісіне депутаттар мен тұрақты комиссиялар толық қатысқан күнде ғана сессия жоғарғы дәрежеде өтеді. Оны әзірліксіз, үстірт өткізуге тіпті де болмайды. Сессияның талқылауына шаруашылық және мәдени жұмыстың негізгі мәселелері жиі қойылуға тиіс. Сессияда қаралған мәселелер бойынша депутаттар мен активтердің бағалы ұсыныстар жасауына, осының негізінде нақтылы қарарлар қабылдауға жетісу қажет. Бірақ, мұнымен де іс бітпейді.

Жергілікті Советтердің атқомдері Советтердің сессиялары қабылдаған қарарлардың орындалуын ұйымдастыруға міндетті. Бұл үшін қабылданған қарарлардың орындалуын тексеру ісіне депутаттар мен активтерді толық қатыстыратын болуымыз керек. Бұларсыз істің орындалуын тексеру мақсаты ойдағыдай жүзеге асырылуы қиын болады.

Сын мен өзара сын — біздің советтік демократиялық құрылыстың күшті құралы. Олай болса, Советтердің жұмысындағы орын алған кемшіліктерді дереу жою үшін, әсіресе, төменнен болатын сынды үнемі қолдап, оны кеңінен өрістетіп отыру керек. Бұл — Советтердің сессиясында, еңбекшілер бұқарасының жалпы жыйналыстарында Советтердің жұмысы жөнінде айтылған бағалы сын пікірлер үнемі есепке алынып, оны жүзеге асыру жолдары қамтамасыз етілсін деген сөз.

Сессия ұйымдастыру жұмысының негізгі түрі болғандықтан оны кезінде, жоғары дәрежеде өткізу принципінің қатаң сақтау керек.

## Литва КП Орталық Комитетінің пленумы

ВИЛЬНЮС, 17 июнь. (СОТА). Жақын арада Литва КП Орталық Комитетінің жезекті пленумы болып өтті. Пленум саяси жұмыстағы және шаруашылық пен мәдениет құрылысқа басшылық етудегі үлкен кемшіліктер туралы мәселе талқылады.

Пленум Литва КП Орталық Комитеті мен Литва ССР Министрлер Советінің жұмысындағы қателіктер мен кемшіліктерді, ең алдымен, біздің партиямыздың лениндік-сталиндік ұлт саясатын бұрмалаудың орын алғанын атап көрсетті, бұл бұрмалау, әсіресе, литвалық ұлттық кадрларды нашар тәрбиелеуден және оларды басшы партия, совет және шаруашылық жұмыстарға нашар жоғарылатудан айқын көрінді. Пленум бұқаралық-саяси жұмысты өрістетудің орнына партия және совет ор-

гаңдары тарапынан әкімшілік жасаудың кеңінен орын алып келгендігін сынады. Сонымен қатар, пленум колхоздарды ұйымдық-шаруашылық жағынан нығайту ісінде үлкен кемшіліктер мен қателіктерге жол берілгендігін ашыты.

Литва КП Орталық Комитетінің пленумы жіберілген қателерді батыл түзетуді қажетті деп тауып, республикада саяси жұмысты күшейту, лениндік-сталиндік ұлт саясатын дәйектілікпен жүргізу, литвалық ұлт кадрларын өсіру, даярлау және оларды басшы партия, совет және шаруашылық жұмыстарына көп жоғарылату ісін жақсарту, колхоздарды саяси және ұйымдық-шаруашылық жағынан нығайту жөнінде нақты шаралар белгіледі.

## Х Р О Н И К А

ССРО Жоғарғы Советінің Президиумы Василий Алексеевич Вальков жолдасты ССРО-ның Югославия Федерация-

лық Халық Республикасындағы Төтенше және Полномочиеді елшісі етіп тағайындады.

ға міндеттенгенді. Бұл күндері коллектив осы міндеттемені мінсіз жүзеге асыру жолында қанаямай еңбек етуде. Егіншілер ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығын арттырудың агрономиялық шараларын табандылықпен жүзеге асырып келеді.

Бірақ, совхоз коллективі мол өнім жолындағы күресті мұнымен аяқтап қойған жоқ. Барлық участоктерде егіннің бітік өсуіне жетісу үшін егіншілер егінді күтіп баптауға, әсіресе, оның арамшөбін отауға ұйымшылдықпен кірісті. № 1 және № 2 фермаларда егіннің арамшөбін отайтын арнаулы звенолар құрылған. № 1 фермадағы звеноны П. Зеленкова жолдас басқарады.

Егінді күту және оның арамшөбін отау жұмыстарына агрономдар Зибарев, Зайцева жолдастар тікелей басшылық жасайды. Олар егіннің дұрыс күтіліп, арамшөптердің кезінде оталуын үнемі бақылап отырады. Көзір совхозда жүз гектардан астам егін алаңының арамшөбі оталды.

**Г. ЧЕШКОВ,**

Мамлот совхозы партбюросының секретары.

## ИЮЛЬ АЙЫ ЕСЕБІНЕ

Петропавл станциясының жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлері теміржолшылар күні қарсаңында өздеріне ұлғайтылған міндеттемелер алып, социалистік жарысты одан әрі үдете түсуде. Социалистік жарысты ойдағыдай ұйымдастыру жақсы нәтижелер беруде.

Мәселен, вагон жөндеу депосының коллективі күрделі және орта вагон — жөндеу жұмысының 7 айлық жоспарын 20 июльде, жылдық жөндеуден өткізу жұмысының 7 айлық жоспарын 22 июльде орындауға, поезддардың көпшілігін составтан ағытпай жылдамдатылған әдіспен жөндеуге міндеттеме алған болатын.

Вагоншылар жарыста алған міндеттемелердің орындалуын үнемі бақылай отырып, еңбек өнімділігін арттыра түсті. Вагон жөндеушілер көзінді өзінде күрделі жөндеудің айлық жоспарын 107 процент, орта жөндеудің жоспарын 102 процент орындап, июль айының есебіне жұмыс істеуде.

**М. БОЛАТОВ.**

бөбектер: — Анна апай келеді, — деп соған қарай жүгіре жөнелді. Ал, Анна болса алдынан шыққан бөбектердің бірінен кейін бірін көтеріп:

— Бақытты бөбектерім, — деп мейірлене түсті.

Балалар — біздің болашағымыз. Оларды яслилерде тәрбиелеу — зор қамқорлықтың айқын сыйпаттамасы.

**Қ. БАИБАТЫРОВА.**

## Үздік шыққандардың үлгісімен

Қаладағы «Комсомолка» тігін фабрикасының тігіншілері еңбек өнімділігін арттырып, өнімнің өзіндік құнын кеміту үшін күресуде. Олардың ішінде Туркова, Ефимова, Руденко, Стенникова, Ибраева сияқты озат тігіншілер еңбек өнімділігін арттырумен қатар, Отанмызға жоспардан тыс бір, біржарым есе артық өнім беруде.

Кәсіпорнының стахановшысы Туркованың фабрикада тігінші болып істе-

геніне көп уақыт болды. Артық қыймыл жасамай, уақытты дұрыс пайдалана білуінің нәтижесінде ол, озат, тәжірибесі мол тігінші аталып, басқаларға үйретуші де болды.

Жоспар бойынша берілген күндік норма — күніне 90 мақталы шалбар тігу болса, Туркова тігілген мақталы шалбардың санын 150 — 200-ге дейін жеткізіп жүр. Сол сияқты, фабрикадағы озат тігіншілердің бірі Крашвина түйме қадау және іл-

гешекті торлау машиналарында қатар екі операция атқарып, тапсырмасын екі есеге дейін артық орындаумен жоғары көрсеткіштерге ие болып келеді.

Озаттардың жұмыс әдістерін басқаларға үйретіп, озаттар қатарын көбейту үшін фабрикада стахановшылар мектебі ашылды. Мақсат — тігіншілердің білімін жетілдіре түсу арқылы, озаттардың қатарын көбейте беру.

**Қ. БАТЫРОВА.**

## ЖАҢА ПИТОМНИКТЕР


Октябрь ауданында егінді қорғайтын орман алқаптарын өсіріп, жаңа питомниктер отырғызуға ерекше көңіл бөлінуде. Соңғы үш жылдың өзінде ғана 400 гектардан астам жерге түрлі ағаш тұқымдары егіліп, 18 гектар жерге питомник отырғызылды. Тек үстіміздегі жылдың өзінде ғана аудан бойынша 116 гектар жерге Сибирь жерінде өсетін акация, қарағай және басқа өртүрлі ағаш тұқымдары егілді. Бұл егілген орман алқаптарының 100 гектардан астам жерінде мәуелеп қарағай өсетін болады.

Бұл күндері осы егілген ағаштар мен отырғызылған питомниктерді баптап, күту жұмыстары аудан колхоздарында қызу жүргізілуде. Бұл үшін тұрақты 6 звено бөлінді. Әр звенода 9 адам бар. Мұның үстіне Ново-Покровка, Смычка мектептерінің 150 оқушысы күн сайын келіп, осы звенолардың жұмысына көмектесіп тұрады.

**А. ЖОЛДЫҒАРИН.**  
(Өз тілшіміз).



Петропавл қаласы жылдан-жылы көркейе түсуде. Қалада жаңадан салынған тұрғын және мәдени-тұрмыстық үйлер барған сайын көбейіп келеді. СУРЕТТЕ: сол жақта — № 151 орта мектептің жаңадан салынған үйі, оңжақта — Петропавл жол бөлімшесі теміржолшыларының В. И. Ленин атындағы клубы.



Петропавл қаласы жылдан-жылы көркейе түсуде. Қалада жаңадан салынған тұрғын және мәдени-тұрмыстық үйлер барған сайын көбейіп келеді. СУРЕТТЕ: сол жақта — № 151 орта мектептің жаңадан салынған үйі, оңжақта — Петропавл жол бөлімшесі теміржолшыларының В. И. Ленин атындағы клубы.



# Коммунистік партия — совет халқының бағыттаушы және басшы күші\*)

Совет Одағының Коммунистік партиясы біздің ұлы халқымыздың барлық жеңістерінің дем берушісі және ұйымдастырушысы болып табылады. В. И. Ленин мен И. В. Сталин құрған біздің партиямыз өз жұмысының алғашқы қадамдарынан бастап жұмысына табының жауынгерлік маркстік партиясы, еңбекшілер мүдделерінің сенімді қорғаушысы болды. Ол халыққа жанаямай қызмет етіп, бұқараның жалынды сүйіспеншілігі мен сеніміне ие болды. Партия жұмысына табының, халқымыздың бойындағы ұлылық пен батырлықтың бәрін өз бойында түгел сақтады. Коммунистер партиясы заманымыздың ақыл-ойы, намысы және ождан екенін халық көріп отыр.

Коммунистік партияның басшылығымен еліміздің еңбекшілері помещиктер мен капиталистердің құлдығын жойып, Совет өкметін орнатты, жұмысшылар мен шаруалардың қуатты мемлекетін құрып, дүние жүзіндегі тұңғыш социалистік қоғам орнатты, қазір социализмнен коммунизмге бірте-бірте өту ісін ойдағыдай жүзеге асырып келеді.

СОБП XIX съезінің қарарында шаруашылық және мәдениет құрылысының кең программасы белгіленіп, партияның қазіргі кезеңдегі басты міндеттері көрсетілген. Бұл міндеттер — социализмнен коммунизмге бірте-бірте өту жолымен коммунистік қоғам орнату, қоғамның материалдық және мәдениет дәрежесін үздіксіз арттыра беру, қоғамның мүшелерін интернационализм рухында және барлық елдердің еңбекшілерімен туысқандық байланыс орнату рухында тәрбиелеу, Советтік Отанды оның жауларының агрессиялық қымылдарынан белсене қорғауды барынша нығайта беру.

Совет адамдары өздерінің өмірлік мүдделеріне сай келетін, социалистік Отанның қуаттылығын оған әрі нығайтуға бағытталған партияның саясатын белсене қолдап отыр. Партия жасаған және коммунизм жолындағы күрестің ондаған жылдарында сынан өткен бұл саясат халықтың мүдделері үшін барынша табандылықпен және дәйектілікпен жүзеге асырылып келеді.

## I.

Коммунистік партия көзқарас бірлігімен, жігер және қыймыл бірлігімен топтасқан шіркеу-коммунистердің ерікті жауынгерлік одағы болып табылады. Дүние жүзіндегі ең революцияшылы Ресия пролетариатының қалың ортасынан шыққан партия жұмысына табы мен барлық еңбекшілердің алдыңғы қатарлы, революцияшы және белсенді күші.

Марксизм қоғам тұрмысының құбылыстарына нақты талдау жасауды, теорияның қорытындыларын практикадан туатын мәселелерді шешуге творчестволықпен қолдана білуді талап етеді.

Революциялық теория бұқараны қамтыған кезде ғана қуатты материалдық күшке айналады. Ғылыми социализмді жұмысшы қозғалысымен ұштастырып, Коммунистік партия еліміздің еңбекшілерін бүкіл дүниежүзілік-тарихи жеңістерге жеткізді. Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңісі, елімізде социализм орнатылуы — марксизм-ленинизм идеяларының салтанаты.

Коммунистік партияның күші мен жеңілетіндігінің қайнар бұлағы оның халықпен біте қайнасқан, мызғымас берік байланысы болып табылады. Біздің партия еңбекшілердің қалың бұқарасымен үздіксіз байланысты екенін, ол бұқараны үйретуді ғана емес, сонымен бірге бұқарадан үйреніп, оны ілгері бастыра білетіндігін партияның көп жылдардан бергі жұмысы айқын көрсетеді.

Совет Одағының халықтары жарты ғасыр бойы Россияда болған барлық басты партияларды: помещиктер партиясын (черносотенецтер), капиталистер партиясын (кадеттер), меньшевиктер партиясын (оңшыл «социалистер»), социал-революционерлер партиясын (қулактарды қорғаушылар), коммунистер партиясын (жұмысшы табының партиясы) іс жүзінде көріп, сынады. Революциялық күрестің барысында еліміздің халықтары буржуазиялық партиялардың бәрін ығыстырып, халықты жан-тәнімен жақтайтын, помещикке қарсы, капитализмге қарсы бірден-бір партия болып табылатын Коммунистік партияны таңдап алды. Коммунистер партиясын еңбекшілер өзінің туысқан партиясы, өзінің сыянан өткен басшысы және тәрбиешісі деп есептейді.

Партия өзінің бүкіл жұмысында материалдық игіліктің бәрін жасайтын еңбекшілер бұқарасы — қоғамның шешуші, орнатушы күші, ал, халық — тарихтың жасаушысы деген маркстік қағидаға сүйенеді. Қоғам дамуының тарихы дегеніміз — материалдық игілікті жасаушылардың өздерінің тарихы, еңбекшілердің тарихы, халықтардың тарихы.

Партияның еңбегі мынада: ол еліміздің сан миллиондаған еңбекшілер бұқарасын саналы творчестволыққа бастап, қанаушылар құлдығына қарсы күрестің барысында, жаңа, социалистік тұрмыс орнатудың барысында оны ұйымдастырды, топтастырды және саяси жағынан шынықтырды. Совет халқының ұлы істері еңбекшілер бұқарасының өздігінен

восының қайнар бұлағына шомылып шықса, тек сол ғана жеңіп, өкметті өз қолында ұстайды.

Коммунистік партия тарихқа субъективтік, халықшылдық-эсерлік көзқарастарға қарсы дәйектілікпен күрес жүргізді. «БК(б)П тарихының Қысқаша курсының» шығуына байланысты партиялық насихатты жолға қою туралы 1938 жылы қабылдаған өзінің қарарында партияның Орталық Комитеті жеке адамның тарихтағы роліне антимаркстік көзқарастың зияндылығын атап көрсетті. Партияның тарихын, деп көрсетілген қарарда, жеке адамдардың және олардың әмірбаяндарының төңірегінде байымдамай, қайта марксизм-ленинизмнің негізгі идеяларын өрістетуді тұрғысынан баяндау қажет. Алайда, бұқараның, таптардың, партияның ролі жайындағы партия әлдеқашан айыптаған антимаркстік көзқарастың сарқыншақтары, жеке адамның қасиетіне табыну элементтері насихат жұмысында соңғы уақытқа дейіс орын алып, жеке кітаптардың, журналдар мен газеттердің беттерінде жазылып келді.

Партия өз кадрларын жұмысшы табына, халыққа берілгендік, партияға және оның ұлы идеяларына берілгендік рухында тәрбиелеп келеді. И. В. Сталин былай деп көрсеткен болатын: «Жұмысшы табына, оның партиясына, оның мемлекетіне шын беріліңіз. Бұл — керек те, жақсы да. Бірақ, оны жеке адамдарға берілгендікпен, осы мәңгі және керексіз интеллигенттік шыдырлақтармен патастырмаңыз». (Шығармалар, 13-том, қазақ тілінде 21—22 беттер).

Марксизм-ленинизм идеяларында тәрбиеленген совет адамдары Коммунистік партияға шексіз берілген, оны шын ықпалымен жақсы көреді, партияның, оның Орталық Комитетінің сынан өткен данышпандық басшылығына сенеді. Партия Орталық Комитетке өзінің таңдаулы, неғұрлым беделді және тәжірибелі қызметкерлерін жібереді. Орталық Комитеттің бүкіл жұмысы партияның кемеңгерлігінің, оның коллективтік басшылығының орасан зор тәжірибесінің бейнесі болып табылады.

Болаттай берік және шыныққан, жұмысшы табындағы, халық арасындағы ең адал адамдардың сенімімен пайдаланып партия болмайынша, коммунизмнің жеңісі жолында ойдағыдай күрес жүргізуге болмайтындығын тарих көрсетіп отыр. Ал, Совет Одағының Коммунистік партиясы дәл осындай партия болып табылады.

## II.

Коммунистік партия дем беріп, ұйым-

Партия мен совет халқының аса ұлы табыстарының бірі мәдениет революциясы болып табылады, бұл революцияның нәтижесінде барлық еңбекшілердің мәдениет дәрежесі өлшеусіз өсіп, саналуан халық интеллигенциясы құрылды.

Ұлы өзгерістердің нәтижесінде біздің еліміз социализмнің мызғымас берік қамалына айналды. Отан соғысы жылдарында Коммунистік партия бастаған совет халқы империалистік агрессорларды талқандап, Отанның бостандығы мен тәуелсіздігін қорғап қалды, Европа мен Азияның халықтарын фашистік құлдықтан құтқарды. Коммунистік партия қарарлы соғыс сындары кезінде халық бұқарасымен бұрынғыдан анағұрлым жақындасып, біте қайнасты.

Соғыстан кейінгі дәуірде совет халқы Коммунистік партия жасап берген жоспарларды жүзеге асыра отырып, шаруашылықты тез қалпына келтірді, экономика мен мәдениетті жаңадан мықтап өркендетті, коммунизм орнату ісін кеңінен өрістетті.

Коммунизм орнату жөніндегі практикалық жұмысында партия СОБП XIX съезінің қарарларын басшылыққа алып келеді. И. В. Сталиннің «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген еңбегі социализмнен коммунизмге өту жолдары туралы мәселені белгілеуге қосылған маңызды идеялық үлес болып табылады.

Г. М. Маленков, Л. П. Берия және В. М. Молотов жолдастардың сөздерінде баяндалған біздің партиямыздың саясатының түпкі мәнісі — Совет елінде коммунизм құрылысын бұрынғыдан да анағұрлым табысты жүргізу үшін қажетті жағдайдың бәрін қамтамасыз ету, еңбекшілердің игілігіне, Отанымыздың хауіпсіздігіне тынбастан қамқорлық жасап отыру, біздің социалистік мемлекетімізді онан әрі нығайту, жалпыға бірдей бейбітшілікті сақтау және нығайту ісін дәйектілікпен қорғау. Совет адамының игілігіне, халықтың көркейе беруіне қамқорлық жасау — біздің партиямыз үшін жоғары заң!

Қоғамның үнемі өсіп отыратын материалдық және мәдени керектерін жоғары техника негізінде социалистік өндірісті үздіксіз өсіріп, жетілдіру жолымен ғана барынша толық қанағаттандыруға болады. Партия өнеркәсіптің барлық салаларын, ең алдымен металлургияны, машина жасау, көмір, мұнай және химия өнеркәсіптерін онан әрі мықтап өркендетуді қамтамасыз ету, электр қуатын өндіруді арттыру міндетін алға қойып отыр. Партия бұқараның творчестволық инициативасын еңбек өнімділігін

циалистік шаруашылықтағы мүмкіндіктер мен қорлардың бәрін пайдалану негізінде партия мен үкмет көпшілік тұтынатын заттар шығаруды едәуір арттыру, азық-түлік молшылығын жасау шараларын қолданып, тұрғын үйлер салу ісін тынбастан ұлғайту, өнеркәсіп және азық-түлік товарларының бағасын үздіксіз кемітіп келеді. Социалистік өндірісті барынша өркендету нәтижесінде ССРО-да ұлттық табыс бесжылдықтың ішінде кемінде 60 процент артады. Осыған байланысты жұмысшылар мен қызметшілердің нақты жалақысы кемінде 35 процент, ал колхозшылардың табысы — кемінде 40 процент артады.

Коммунизм жолындағы күресте қоғам мәдениетін өсірудің аса зор маңызы бар. Жаңа бесжылдықта мәдениет құрылысы саласында бірқатар маңызды шаралар белгіленіп отыр. Бесжылдықтың аяғында республикалардың астаналарында, республикаға бағынатын қалаларда, облыстық, өлкелік орталықтар мен ең ірі өнеркәсіп орталықтарында жеті жылдық оқудан жалпыға бірдей орта білім (онжылдық) алуға көшуді аяқтау ісі белгіленді. Келесі бесжылдықта басқа қалалар мен селолық жерлерде жалпыға бірдей орта білім алу (онжылдық) ісін толық жүзеге асыру үшін жағдайлар әзірленіп жатыр; жоғары білім алу ісінің көлемі барған сайын ұлғайып келеді.

Совет елінде біздің қоғамның өмірінде маңызды үздіксіз артып отырған ғылымды барлық жағынан дамыту үшін, советтік мәдениеттің аса маңызды және біртұтас бөлігі болып табылатын әдебиет пен искусствоны жаңадан өркендету үшін барлық жағдай жасалуда. Біздің кең ұлтты мемлекетімізде түрі ұлттық, мазмұны социалистік жаңа мәдениет нәтижелі түрде өркендеуде.

Коммунистік партияның ішкі саясатының негізі жұмысшы табы мен колхозшы шаруалардың мызғымас берік одағы, еліміздің халықтары арасындағы туысқандық ынтымақ және достық болып табылады.

Партия халықтардың бірлігі мен достығын көздің қарашығындай сақтап келеді, өйткені, халықтар достығы бұртұрғанда, бізге ешқандай жау қорқынышты емес. Партия ұлтшылдық пен космополитизм көріністерінің қандайына болса да қарсы, Лениндік-Сталиндік ұлт саясатын бұзуға және бұрмалауға қарсы мейрімсіз күрес жүргізіп, еліміздің еңбекшілерін халықтар достығы идеологиясының рухында, пролетарлық интернационализм және советтік патриотизм рухында тәрбиелеп отырады. Совет елі халықтарының бірлігі мен достығын еш-

ғұрлым күшті болса, оның көлемі неғұрлым зор болса, — деп көрсетті Ленин. — Бұл қыймылдарға қатысатын адамдардың саны солғұрлым көп болады және, мұның жерісінше, біздің жасағымыз келетін өзгеріс неғұрлым терең болса, оған деген ынтаны және саналы көзқарасты солғұрлым көп арттыру керек, мұның қажеттігіне еселеген миллиондардың және ондаған миллиондардың көзін жеткізу керек». (Шығармалар, 31 том, 467 бет).

Коммунистік құрылыс жағдайында партия ұйымдық және саяси басшылық дәрежесін онан сайын жоғары көтеріп, өз қатарының жауынгерлік қаблеті мен бірлігін тынбастан күшейтіп отырады.

Партия қатарының болаттай берік бірлігі мен құрыштай топтасқандығы — партияның күші мен қуаттылығының басты шарты. Біздің партия бұл бірлікті ленинизмнің барлық жауларына — меньшевиктерге, троцкийшілерге, бухариншілерге, буржуазияшыл ұлтшылдарға қарсы қатал күресте шынықтырды. Партия өз қатарының бірлігін көздің қарашығындай сақтап, халықпен тығыз байланысын бұрынғыдан да күшті нығайтып келеді.

Біздің партиялық және мемлекеттік-басшылық ісінің күші оның коллективтілігінде, топтасқандығында және құрыштай беріктігінде. Партия осы жоғары принципті бұлжытпай сақтау, елге дұрыс басшылық етудің кепілі деп есептейді.

Коммунистік құрылыстың міндеттерін ойдағыдай орындау мақсатымен партия ұйымдастыру және идеялық-саяси жұмыстың барлық формаларын пайдаланады, еңбекшілердің барлық бұқаралық ұйымдары — Советтердің, кәсіподақтардың, комсомолдың және басқаларының өз жұмысын бұрынғыдан анағұрлым жандандырып, коммунизм жолындағы күреске еңбекшілерді кең қатыстыруына күн сайын қамқорлық жасап отырады.

Жаңашылдар мен қоғамды қайта жаңартушылар партиясы ретіндегі Коммунистік партия жаңаның, озаттың бәрін қолдап, артта қалғанның бәрін қарсы батыл күреседі, бұл үшін қуатты құрал — сын мен өзара сынды кеңінен пайдаланып отырады. Сын мен өзара сын кадрларды тәрбиелеудің ерекше, коммунистік әдісі, партияның өз сыйпатымен, оның революциялық рухымен біте қайнасқан, үнемі қыймыл жасайтын қаруы болып табылады.

Сын мен өзара сын кемшіліктерді ашу және даурықпалы жайбарақаттық пен жұмыстағы табыстарға мастану пыйғыларына қарсы күресу ісіне қызмет етеді. Біздің партияның күші және мы-



терін өз қатарына біріктірді. Революциялық ұзақ күрестің барысында Коммунистік партия өсіп, шынықты, бүкіл халықтың шын мәнісіндегі көсеміне және басшысына айналды.

Біздің партияның күші, ең алдымен, мынада: партия өзінің бүкіл жұмысында өзінің мақсатын айқын көрсететін, жеңіске жетуіне сенім беретін, қандай жағдайда болса да айыра білуді және тарихта жаңа жолдар салуды үйрететін озат революциялық теорияны басшылыққа алып отырады. Маркстік-лениндік теория — жұмысшы табының түбірлі мүдделерінің ғылыми бейнесі, ол партияның қоғамды революциялық жолмен қайта құру үшін, коммунизм үшін күресінде оның қуатты идеялық қаруы болып табылады.

Маркстік-лениндік теорияға, объективтік экономикалық заңдарды терең білуге сүйене отырып, партия әрбір тарихи кезеңде ғылыми жағынан негізделген, қоғамның материалдық тұрмысының даму қажеттерін бейнелейтін дұрыс саясатты белгілеп отырады.

Марксизм-ленинизм — жанды, творчестволық ғылым, ол жаңа тәжірибемен, жаңа білімдермен үздіксіз байып отырады. Теория мен практиканың үздіксіз байланысты болуы — творчестволық марксизм партиясы ретіндегі Коммунистік партияның жұмысының аса маңызды ерекше сыйпаты. Біздің партияның бүкіл тарихы іске асырылып отырған марксизм-ленинизм болып табылады.

Қоғам дамуының тарихы өздерін социалистік партия деп атаған көп партияларды біледі. Олар сөз жүзінде социализм идеяларын жақтады да, ал іс жүзінде буржуазияға жағынып, жұмысшы табының мүдделеріне сатқындық жасады. Атап айтқанда, II Интернационалдың социал-демократиялық партиялары осындай партиялар болды. Тек, коммунистер партиясы ғана марксизм-ленинизм ілімін мейлінше таза сақтап, оны дамытып, байытып келеді, ғылыми коммунизм теориясын жүзеге асыру жолында батыл және дәйектілікпен күресіп келеді. Оның сөзі мен ісінде алшақтық ешуақытта болмайды.

Маркстік ғылымға дүшпелік пен догматизм дегендер мүлде жат нәрсе. Егер өздері марксизмнің қорытындылары мен ережелерін жаттап алып, олардан өз еркінше қитата келтіріп, соның нәтижесінде біз озат ғылымды меңгердік деп ойлайтын ғылымнан шыққан формалистер марксизмге ешбір жанаспайды.

\*) «СОКП — совет халқының бағыттаушы және басшы күші» деген тақырыпта қорытынды сабақ өткізген кезде партия оқуы жүйесіндегі саяси мектептер мен үйірмелердің насихатшыларына көмек.

келмейді-міс деген қанаушы таптардың идеологтері ертеден таратып келген соқыр сенімнің құл-талқанын шығарды. В. И. Ленин бұл соқыр сенімді масқаралық және тағылық, жауыздық және зұлымдық сенім деп атады. Біздің партия осы соқыр сенімге қарсы әрқашан да мейрімсіз күрес жүргізді. Ол еңбекшілерді өз күштеріне сену, өзінің жоғары тарихи борышын түсіну рухында тәрбиелеп келді және тәрбиелеп отыр.

Еңбекшілердің қоғам дамуындағы қайта жаңартушы ролі, деп үйретеді тарихи тәжірибе, оның авангарды — Коммунистік партияның ұйымшылдығымен, топтасқандығымен, саналылығымен өлшеусіз күшейтіле түседі. Еліміздің халқы тарихта әрқашан да аса үздік роль атқарды, бірақ маркстік-лениндік партия еңбекшілерге басшылық ете бастағаннан бері халықтың күші өлшеусіз арта түсті. Ол тарихи ұлы істер жасап, бұл істер оны бүкіл прогресшіл адамзатты бастап отырған батыр-халық, орнатушы-халық деген орынды даңққа жеткізді. Халық бұқарасының, революцияшыл таптардың, партиялардың тарихтағы ролін ғылыми жағынан дәлелден беру субъективті идеалистердің түрлі бағыттағы көзқарасына аса күшті соққы болып тиді, өйткені, идеалистер тарихты халық емес, батырлар жасайды деп болжаған болатын. Марксизм-ленинизм былай деп есептейді: аса үздік адамдар қоғамның озат табының мүдделерін қаншадықты дұрыс білдіретін болса, ол қоғам өмірінде соншалық зор роль атқарады. Революциялық күрестің барысында жұмысшы табы мен оның партиясы өз ұстаздарын, өз көсемдерін өсіріп шығарады.

Жұмысшы табының ұлы көсемдері Маркс, Энгельс, Ленин және Сталин халық бұқарасының тарихтағы анықтаушы ролін атап көрсете отырып, жеке адамның қасиетіне табынатын зиянды көзқарасқа батыл қарсы шықты. К. Маркс өз хаттарының бірінде былай деп көрсеткен болатын: «... Жеке адамның қасиетіне табынудың қандайын болса да ұнатпағандықтан мен Интернационал өмір сүрген кезде менің еңбектерімді мойындаған және әртүрлі елдерден түсіп менің мазамды кетірген сансыз көп хаттарды жариялауға мен ешуақытта жол бермедім, — мен тек оқта-текте осы хаттар үшін ұрысқаным болмаса, тіпті оларға ешуақытта жауап та қайтармадым» (К. Маркс және Ф. Энгельс. Шығармалар, XXVI том, 487 бет).

В. И. Ленин халықшылдар мен әсерлер таратқан «батырлар» және «тобырлар» жайындағы ғылымға жат теорияларды талай рет күйрете сынады. Кімде-кім халыққа сенсе, деп үйретті ол, кімде-кім халықтың жанды творчест-

дүниежүзілік-тарихи маңызы бар ұлы әлеуметтік-экономикалық өзгерістерді жүзеге асырды.

Еңбекшілер ғасырлар бойы қанаушылардың тепкісіне қарсы сан рет күреске аттанды, бірақ, әрдайым жеңіліске ұшырады. Тек коммунистер партиясы басшылық еткен біздің елдің халықтары ғана помещиктер мен капиталистердің бұғауын тарихта тұңғыш рет жұлып тастап, жұмысшылар мен шаруалардың өкметін орнықтырды.

Азат етілген халық өз тағдырын өз қолына алып, адамды адамның қанауы, өндіріс анархиясы, экономикалық кризистер және жұмыссыздық дегендерді білмейтін жаңа, социалистік, қоғамдық құрылыс орнатты. Біздің халқымыз жаңа мемлекеттік құрылыс орнатып, ол еңбекшілердің мемлекетті басқару ісіне мейлінше кең және белсене қатысуын қамтамасыз етіп келеді. Совет елінің барлық ұлттарын біртұтас туысқан семьяға топтастырды және шын мәнісіндегі халықтық, социалистік демократизмнің айқын бейнесі болып табылады.

ССРО-да орныққан социалистік құрылыс халықтың творчестволық күшіне еркіндік беріп, өндіргіш күштерді дамыту үшін, халық бұқарасының материалдық әл-ауқаты мен мәдениет дәрежесін үздіксіз арттыру үшін шексіз зор мүмкіндіктер тудырды.

Біздің еліміз Коммунистік партияның басшылығымен ең қысқа тарихи мерзімде техника-экономика жағынан ғасырлар бойы артта қалушылықты жойып, асқан алып адыммен алға басты, қуатты социалистік державаға айналды. Капиталистік дүниенің ең көптен келе жатқан елі — Англияға өнеркәсіп жағынан да мұндағы қазіргі дәрежесіне жету үшін екі ғасырға дейін уақыт керек болған еді. Ал, Совет елі жұмысшы табының бұрын болып көрмеген қаһармандығы мен творчестволық белсенділігі арқасында индустрияландыру ісін өз күшімен, сырттан кіріптарлық заемдер алмай, халықтарды тонау және езу әрекеттерін қолданбай, он үш жылдың ішінде жүзеге асырды.

Капитализм буржуазиялық елдердің ауыл шаруашылығын құлдыратып, кері кетушілікке ұшыратты, ал сан миллиондаған шаруалар бұқарасын күйзеліске және қайыршылыққа душар етті. Совет елінде партияның басшылығымен бірнеше жылдың ішінде буржуазиялық жеке меншікті шаруалар басым болған құрылыста социалистік, колхоздық құрылысқа өтуді жүзеге асырды, бұл құрылыс ауыл шаруашылығындағы өндіргіш күштердің қаулап өркендеуін қамтамасыз етті, еңбекші шаруаларды қайыршылықтан, кулактардың бұғауынан құтқарды, ауқатты және мәдениетті тұруға жағдай жасады.

өзіндік құнын көмітін, сапасын жақсарту жолындағы, қорларды толық пайдалану жолындағы күреске жұмылдыруда.

Бұқараның еңбектегі әрлеуін басқарып, партия бүкілхалықтық социалистік жарысты бесінші бесжылдық жоспарды орындауға және асыра орындауға бағыттап келеді. Совет адамдары бесжылдықтың аяғында өнеркәсіп өнімін 1940 жылғымен салыстырғанда, үш есе артық өндіру үшін күресуде. Күрделі құрылысқа орасан көп қаржы жұмсалып, өндірістің барлық қорлары іске жұмылдырылуда. Өнеркәсіп өнімінің аса маңызды түрлерін мынадай мөлшерде арттыру кезделіп отыр: шойын — 76 процент, болат — 62 процент, прокат — 64 процент, көмір — 43 процент, мұнай — 85 процент, электр қуаты — 80 процент.

Партия ауыл шаруашылығын онан әрі өркендетуге, колхоздық құрылысты барынша нығайтуға көп көңіл бөліп, еліміздің барлық колхоздарының көркеюін көзден отыр. Колхоздық құрылыстың орасан зор мүмкіндіктері бар. Осы мүмкіндіктерді толық және жан-жақты пайдалану ауыл шаруашылығының өндіргіш күштерін жаңадан дамытуды қамтамасыз етеді, ең қысқа мерзімде халық үшін азық-түлік және өнеркәсіп үшін шикізат молшылығын жасауға мүмкіндік береді.

Партия социалистік егіншілікпен шұғылданатын еңбекшілердің барлық ауыл-шаруашылық дақылдарының шығымдылығын арттыру, қоғамдық мал санын көбейтіп, оның өнімділігін молайту жолындағы күресін ұйымдастырып отыр. Бесжылдықтың ішінде астықтың жалпы түсімін 40—50 процент арттыру, мал шаруашылығының өнімдері: ет пен тоңмайды — 80—90 процент, сүтті — 45—50 процент, жүнді шамамен екі—екі жарым есе арттыру белгіленді.

Бұл міндеттерді колхоздарды ұйымдық-шаруашылық жағынан онан әрі нығайту, олардың қоғамдық өндірісін үздіксіз өсіру, халық шаруашылығын техникамен жабдықтауды күшейту негізінде орындауға болады.

Совет мемлекеті ауыл шаруашылығына жұмсалатын күрделі қаржыны үздіксіз арттырып келеді. Ауылшаруашылық өндірісін механикаландыру, агротехниканың ең жаңа табыстары негізінде жердің қунарлылығын арттыру жөнінде зор жұмыстар жүргізілуде, сонымен қатар, ауылшаруашылық өндірісін, әсіресе, күрделі қаржы жұмсау таяудағы уақытта неғұрлым жақсы экономикалық нәтижелер беретін елдің орталық, халқы тығыз облыстарында ауылшаруашылық өндірісін өркендету мақсатымен басқа да ірі шаралар істелуде.

Өндіргіш күштерді үздіксіз өсіру, со-

ның озуына немесе әсіретуіне жол берілмейді.

Коммунизм орнату жолындағы күресте Совет мемлекеті басты құрал болып табылады. Партия Совет мемлекетін нығайтуға, социалистік демократизм принциптерін дәйектілікпен жүзеге асыруға, социалистік заңдылық пен право тәртібін нығайтуға, мемлекеттік аппаратты жетілдіріп, жақсарту беруге тынбастан қамқорлық жасап келеді. Соңғы кезде орталық мемлекеттік аппараттың қайта құрылуы аппараттың жұмысын жақсартуды, оны бұқараға жақындатуды, шаруашылық және мәдениет құрылысына басшылық ісін неғұрлым нақты жедел және мамандалған басшылық ету мақсатын көздейді.

Совет мемлекеті бейбітшілікті сақтау және баянды ету, соғыстар әзірлеуге және оны бастауға қарсы күресу саясатын, халықаралық ынтымақтау және барлық елдермен іскерлік байланыстарды өркендету саясатын жүргізіп келеді. Бір-біріне қарама-қарсы системалардың бейбітшілікпен қатар өмір сүруі мүмкін екендігі туралы лениндік-сталиндік қандайда сүйене отырып, Совет үкметі мүлделі елдердің өзара келісуі негізінде бейбітшілік жолмен шешуге болмайтындай халықаралық проблемалар жоқ деп есептейді.

Совет мемлекетінің бейбітшіл сыртқы саясаты совет халқының ғана емес, сонымен бірге барлық басқа да халықтардың мүдделеріне сай келеді. Бұл саясатты барлық елдердің еңбекшілері мақұлдап, қолдап отыр. Барлық халықтар жаңа соғыс хауісіне қарсы, бейбітшілік, демократия және социализм жолындағы күресте ССРО-ны өздерінің тірегі және үміті деп қарап, оған назар аударады.

Халықтардың аса ұлы жеңісі — бейбітшілік, демократия және социализм лагерін сақтап, нығайтуды, совет халқының басқа елдердің еңбекшілерімен достық байланыстарын, ұлы Қытай халқымен, барлық халықтық демократия елдерінің еңбекшілерімен мәңгі жасайтын мызғымас берік достығын тынбастан нығайтып отыруды партия өзінің борышы деп есептейді.

Коммунизм үшін күрестегі табыстарымен Совет Одағының Коммунистік партиясы дүниежүзілік азаттық қозғалысының Екінші бригадасы деген даңққа ие болды.

### III.

Коммунизм партия дем беріп, ұйымдастырған халық бұқарасының саналы творчествосының нәтижесі ретінде туады. Ұлы мақсат — коммунизмнің салтанаты үшін біздің партия совет халқының қуатты творчестволық жігерін оятып, дамытып отырады.

«Тарихи қыймылдардың қарқыны не-

нада: ол сыннан қорықпайды және она әрі алға басу үшін өз кемшіліктерін сынаудан күш-жігер алып отырады.

Өз қатарының жауынгерлік қабілетін арттыру және советтік қоғамның өмірінде өзінің басшылық ролін күшейту үшін партия ішкі партиялық демократияны барынша өрістетіп, партиялық және мемлекеттік тәртіпті нығайтып отырады, кадрларды дұрыс іріктеп алуды және істің орындалуын тексеруді қамтамасыз етіп, идеологиялық жұмысты күшейтіп отырады.

Партия идеологиялық жұмысты жете бағалау сыяқты зиянды әдетті бағыт жоюды, бұл жұмысты партия мен мемлекеттің барлық буындарында күшейтуді, марксизмге жат идеологияның қандай көріністерін болса да тынбастан әшкерелеп отыруды талап етеді. Социалистік мәдениетті өркендетіп, жетілдіріп отыру қажет, идеялық-саяси ықпалдық барлық құралдарын, біздің насихатты, үгіт ісін, баспасөзді коммунистердің идеялық даирлығын жақсартуға, жұмысшылардың, шаруалардың, интеллигенцияның саяси қырағылығы мен саналылығын арттыруға бағыттап отыру қажет. Партияның идеологиялық жұмысы адамдардың сана-сандағы капитализм сарқыншақтарын жоюды, еңбекшілерді мемлекет мүдделеріне қамқорлық жасау рухында, ішкі және сыртқы жауларға қарсы күресте мейрімсіз және табанды болу рухында, біздің ісіміздің толық жеңіп шығатындығына сену рухында тәрбиелеп отыруды көздейді.

Жаңа міндеттерге сәйкес партия өз жұмысының ұйымдастыру формаларын жетілдіріп отырады, мұның өзі XIX съезд қабылдаған партияның өзгертілген Уставында айқын бейнеленді. Партияның Уставы партия қатарының жауынгерлік қабілетін арттыру, партиялық тәртіпті нығайту, коммунистердің инициативасын кеңінен дамытып отыру мақсатын көздейді.

Өзінің тарихи міндеттерін шешу үшін партияның саяси және ұйымдық басшылықтың шеберлігін меңгерген, марксизм-ленинизм рухында тәрбиеленген, халықпен тығыз байланысты және оның ұлы жемісті жұмысын басқара алатын саналуан кадрлары бар.

Өз қатарының бірлігімен, бұқарамен тығыз байланысы болуымен күшті біздің партия совет халқы коммунизмге қарай берік және сеніммен алға бастап келеді. Коммунистік партияға, Совет үкметіне әбден сеніп отырған біздің халқымыз социалистік Отанды онан әрі гүлдендіре беру үшін жанамай күресуде.

(«Правда», 10 июнь, 1953 жыл).

Редактор **Ф. МҰХАМЕДЖАНОВ.**

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39, Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.